

ЖЕЛ - САҒЫЗ

№17 (7877) 30 сәуір, Бейсенбі 2026 жыл

<https://zhemsagyz.kz/>

zhemsagyzgazeti@mail.ru



Құрметті Байғанин ауданының тұрғындары!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – еліміздің ең басты құндылықтарының бірі саналатын татулық пен келісімді, достық пен өзара құрметті дәріптейтін ерекше күн. Қазақстан – жүзден астам этнос өкілдері бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп, ортақ мақсат жолында еңбек етіп отырған қасиетті мекен. Осындай берекелі бірлік – мемлекетіміздің тұрақты дамуы мен жарқын болашағының берік негізі.

Байғанин ауданы – ынтымағы жарасқан, еңбексүйгіш азаматтары бар киелі өңір. Бүгінде ауданымызда әлеуметтік-экономикалық даму бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып, нақты нәтижелерге қол жеткізілуде. Инфрақұрылым жаңарып, ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып, кәсіпкерлік пен жаңа бастамаларды қолдауға кең мүмкіндік берілуде. Бұл жетістіктердің барлығы – аудан тұрғындарының бірлігі мен тынымсыз еңбегінің айқын көрінісі.

Бірлік пен ынтымақ бар жерде кез келген қиындықты еңсеруге болатыны сөзсіз. Сондықтан әрқайсымыз ел игілігі жолында адал еңбек етіп, қоғамдағы тұрақтылық пен татулықты нығайтуға өз үлесімізді қоса беруіміз қажет.

Осы мерейлі күні баршаңызға зор денсаулық, амандық, әр шаңыраққа шаттық пен береке тілеймін. Еңбектеріңіз жемісті болып, отбасыларыңызда қуаныш пен ырыс мол болсын!

Еліміз тыныш, аспанымыз ашық болып, тәуелсіз Қазақстанымыздың бірлігі нығайып, өсіп-өркендей берсін!

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын!

Байғанин ауданының әкімі А. Купенов

Есептік кездесу

ӘКІМ МЕН ХАЛЫҚ АРАСЫНДАҒЫ АШЫҚ ДИАЛОГ

Ауданда әкімнің ауылдарды аралау сапары қарқын алды. Айбек Көпенов осы уақытқа дейін бірнеше ауылдық округті қамтып, тұрғындармен тікелей кездесулер өткізді. Әдеттегі есеп пен баяндама шеңберінен шыққан жиындарда тұрғындар жылдар бойы қордаланған мәселелерін ашық айтып, нақты жауап күтетінін аңғартты.

Қызылбұлақ: Күн тәртібінде - жол, ауыз су және жайылым

Аудан әкімі Айбек Көпенов жаңа аптада алдымен Қызылбұлақ ауылдық округіне қарасты Жаңатан, Кемерші және Бұлақтыкөл ауылдарының тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында жергілікті халықтың өзекті мәселелері тыңдалып, ашық диалог форматында пікір алмасу өтті.

Жиын басында Қызылбұлақ ауылдық округінің әкімі атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасап, елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша жүргізіліп жатқан шараларға тоқталды. Одан кейін тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.



Кездесу барысында ауыл халқы бірқатар маңызды мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, ауыз су жүйесіндегі ақаулар, оның ішінде насосың істен шығуы, су сапасының төмендігі және халыққа қызмет көрсету орталығы жұмысының баяулығы, ветеринарлық қызметтің жеткіліксіздігі, тұрмыстық қалдықтарды уақытылы тазалау қажеттігі сөз болды. Сонымен қатар, тұрғындар жолдардың жағдайына алаңдаушылық білдіріп, қыс мезгілінде қарды дер кезінде тазарту, жедел жәрдем қызметінің кешікпей жетуі, қаңғыбас жануарларды аулау және жайылымдық жер тапшылығы мәселелерін де көтерді. Жекелеген елді мекендерге төн проблемалар да назардан тыс қалмады. Мәселен, Кемерші ауылында мәдениет үйінің апатты жағдайы мен жол жөндеу қажеттілігі айтылса, Бұлақтыкөл елді мекенін ауыз сумен қамту және су сапасы өзекті мәселе ретінде аталды. Бұл мәселе бойынша әкімдік тарапынан қазіргі уақытта ауылда бір ғана ұңғыманың жұмыс істеп тұрғаны айтылып, биыл қосымша тағы бір ұңғыма қазу жұмыстарын



жоспарлап отырғанын жеткізді.

Кездесу тұрғындар тарапынан көтерілген түйткілді мәселелердің тағы бірі – Қарауылкелді-Жарқамыс бағытындағы асфальт жолдың 51 шақырымынан басталатын Қарауылкелді-Кемерші бағытындағы көтерме жол құрылысы. Қазіргі таңда тоқтап тұрған бұл маңызды қатынас жолын аяқтау – күн тәртібіндегі басты мәселе.

Жаңатан ауылының маңында орналасқан полигон мәселесі де тұрғындарды көптен мазалап жүр екен. Желді күндері жағымсыз иіс ауылға жететіндіктен, полигонның қазіргі орнын жауып, оны мұнай қалдықтарын шығарып жатқан өндіріс маңына көшіру ұсынылды.

Есепті кездесуде Кемерші ауылындағы клуб үйінің жағдайы да сын көтермейтіні айтылып, 2026 жылға арналған жоспар бойынша, апаттық жағдайдағы клубтың орнына заманауи кітапханасы бар жаңа мәдениет үйін және спорт кешенін салу мәселесі қарастырылып жатқаны баяндалды.

Мәселенің барлығы қаралып болғаннан кейін округ әкімі Берікбай Жолин 2026 жылға арналған жоспарлармен бөлісті. Атап айтсақ, алдымен көгалдандыру мәселесі бойынша тоқталып, округке қарасты ауылдардың кіреберісіне арқа жасау, Кемерші мен Жаңатан ауылдарындағы саябақтарды жастардың (түлектердің) қолдауымен қалпына келтіру, Кемерші ауылына кәсіпкерлерді тарта отырып, мал сою алаңын салу және «Kcell» ұялы байланысы мен интернет сапасын арттырып, 4G желісіне ауыстыру көзделгенін тәпшістеп айтып берді. Көктемгі су тасқынының алдын алу жұмыстарына да тоқталып, өзен арнасындағы талдарды кесу, қапшықтар дайындау жұмыстарының күн тәртібінде тұрғанын алға тартты.

Кездесу соңында Айбек Көпенов Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» бағдарламасының маңыздылығына тоқталды. Әкім ауыл тұрғындарын экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және сенбілік жұмыстарына белсене қатысуға шақырды.

Кездесу қорытындысында аудан басшысы тұрғындардың ұсыныс-пікірлері ескерілетінін атап өтті. Барлық көтерілген мәселелер бақылауға алынып, тиісті мекемелерге нақты тапсырмалар берілді. Алдағы уақытта оларды кезең-кезеңімен шешу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілімек.

Жарқамыс: Жарқын істер мен нақты жоспарлар кезеңі

Аудан әкімі Айбек Көпеновтің Жарқамыс ауылдық округінің тұрғындарымен кездесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысын талқылауында округ әкімі Асылхан Жұбаналин ауыл тынысымен таныстырды.



Баяндамасында «Ауыл аманаты» жобасы аясында округте айтарлықтай ілгерілеушілік бар екенін атап өткен ол, 2023-2026 жылдар аралығында «Ақтөбе» ӘКК арқылы 34 жоба мақұлданып, жалпы сомасы 168,6 млн теңге несие берілгенін айтты. Бұл қаржының басым бөлігі, яғни 124 млн теңге мал шаруашылығына, ал 40,3 млн теңге шағын кәсіп ашуға бағытталған. Қазіргі таңда округ бойынша 71 шаруа қожалығы жұмыс істесе, 2025 жылы қожалықтар сегіз жаңа ауыл шаруашылығы техникасымен толықтырылды. Төрт түлік мал басы да өсім болып, ірі қара – 7925, қой-ешкі – 13962, жылқы – 4760, түйе – 395 басты құрап отыр.

Оқріг әкімінің баяндауынша, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру бағытында бірнеше маңызды жоба аяқталып, 2024 жылы Қаражар ауылына газ тарту жұмыстары басталып, 2025 жылы толық пайдалануға берілген. Сонымен қатар, Жарқамыс ауылының Орталық көшесіне 3,2 шақырым тас жол салынып, «ҚазақТүрікМұнай» ЖШС-нің қолдауымен электр желілері жаңартылып, қосымша бағаналар орнатылған. Ауыл ішіндегі ескі үйлердің орындарын тазарту және жарықтандыру мәселелері де шешілуде.

Округ әкімінің сөзінше, «Таза Қазақстан» акциясы аясында жаппай сенбіліктер өткізіліп, ауылдың санитарлық жағдайы жақсартылған.

Ал жұмыссыздық мәселесін шешуде «IC Petroleum», «Альтиес Петролеум Интернешнл» секілді ірі компаниялармен тығыз байланыс ор-

натқан және олар жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастырумен қатар, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан студенттердің оқу ақысын төлеуге көмектесіп, оның ішінде 2025-2026 оқу жылына 12 студентті оқыту жоспарланған.

Ауыл әкімдігі алдағы уақытқа Бәкір Тәжібаевтың 100 жылдығына орай «Ақбұлақ» бұлағын қайта қалпына келтіру және айналасын абаттандыру, Жарқамыс және Қаражар ауылдарына қосымша 20 дана лэд шамдарын орнату, мал жайылымына арналған ұңғымалар қазу, «Туған жерге тағзым» акциясы аясында мектеп түлектерінің қолдауымен демалыс орындарын салу сынды нақты міндеттер белгілеп отыр.

Ащы округіндегі оң өзгерістер

Ащы ауылдық округіне қарасты Ноғайты ауылы бүгінде жаңа кейіпке еніп келеді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында мұнда инфрақұрылым жаңартылып, әлеуметтік мәселелер кезең-кезеңімен шешілуде. Біз ауылдың тыныс-тіршілігіне көз жүгіртіп, атқарылған ауқымды істерді саралап көрдік.

Бүгінде Ноғайтыда 1436 тұрғын бар. Ауылдың болашағы – жастар десек, мектептегі 283 оқушы мен балабақшадағы 50 бүлдіршін елді мекеннің демографиялық әлеуетін айқындап тұр.

Округ әкімі Нұржан Жанғалиевтің ресми мәліметке сүйенсек, ауыл экономикасының күретамыры – төрт түлік. Округте 2300-ден астам ірі қара, 8600-ден астам қой-ешкі және 900-ге жуық жылқы бар. Мал басын асылдандыру мен жайылым мәселесі де назардан тыс қалмаған. Алтыалаппан бастап Керегенге дейінгі жайлау бағыттарында мал шаруашылығы жүйелі жолға қойылған.

- Жұмыспен қамту мәселесінде «құрғақ есепке» орын жоқ. 17 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылса, «KazGlobalSolution» ЖШС-і секілді ірі кәсіпорындарға 11 азамат орналасты. Ал, «Күміс жас» бағдарламасы арқылы үлкендердің тәжірибесі іске асуда. Бұл – ауылда еңбек ететін деген жаңға мүмкіндіктің бар екенін көрсетеді. «Ауыл – ел бесігі» десек, сол бесіктің бүтіндігі жол мен жарыққа байланысты. Ноғайтыда ауыз су, газ және электр жарығы мәселесі 100 пайыз шешілді. Быыл Бейбітшілік көшесінен теміржол вокзалына дейінгі жолдың құрылысы аяқталып, тұрғындардың көптен күткен тілегі орындалмақ. Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» акциясы аясында ауылда 250 түп ағаш егілді. Айта кетерлігі, бұл игі іске 1958 жылғы мектеп түлектері демеушілік жасап, туған жерге деген перзенттік парызын өтеді, - дейді Нұржан Әбдірұлы.

Округ бойынша ауылшілік жолдарды күтіп ұстау және қардан тазалау жұмыстарын жасау үшін мемлекеттік сатып алу порталы арқылы конкурс өткізіліп, нәтижесінде жеңімпаз ретінде «Қонаров» ЖК-і анықталған. Көктемгі су тасқыны мен өрт қаупіне қарсы дайындықтың да ұйымдастырылғанын атап өткен ол, 24 адамнан тұратын еріктілер жасағы құрылып, техникалар сақадай сай тұрғанын атап өтті. Айтуынша, көпірлер мен арықтар тазаланып, 500 қалшық инертті материал әзірленген.



Ал енді алдағы уақытта ауылда жол қауіпсіздігін нығайту үшін жасанды кедергілер мен оқушы макеттері орнатылмақ. Сондай-ақ, 1989 жылғы туылған түлектер өз тартуы ретінде мектеп ауласына арқа салса, демешілер тарапынан «Теміржолшылар аллеясы» бой көтереді деп күтілуде.

Әйгерім ӨНУАРБЕК



Ауыл шаруашылығы			
Мүйізді ірі қара 2 376 Жекеде – 894 ШҚ-да – 1 482	Қой-ешкі 8 659 Жекеде – 5 363 ШҚ-да – 3 296	Жылқы 895 Жекеде – 180 ШҚ-да – 715	Түйе 28 Жекеде – 0 ШҚ-да – 28



Денсаулық

ҚАУІПТІ ДЕРТКЕ ТОСҚАУЫЛ: МАМАНДАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Эпидемиологиялық ахуалды тұрақты ұстау және аса қауіпті жұқпалы аурулардың таралуына жол бермеу – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесі. Осы мақсатта ауданда медицина және ветеринария саласы мамандарының басын қосқан ауқымды оқыту семинары мен тәжірибелік сабақ ұйымдастырылды. Бұл шараның басты тақырыбы – өңір үшін өзекті саналатын оба және Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының (КҚГК) алдын алу мәселелері болды.



Ақтөбе облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Индира Аяганова, департаменттің бас маманы Мұрат Муафиков пен облыстық обаға қарсы күрес станциясының бактериологы Айбал Ахметова және «Ұлттық сараптама орталығы» Ақтөбе филиалының дәрігер-бактериологы Роза Күзембаеваның бірлесе ұйымдастыруымен өткен семинарға аудан әкімінің орынбасары Нұржан Адаев төрағалық етіп, жергілікті дәрігерлер мен ветеринар мамандары қатысты.

Семинар барысында өңірдегі бүгінгі таңдағы эпидемиологиялық және эпизоотиялық ахуал жан-жақты сараланды. Мамандар оба және Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГК) сияқты қауіпті инфекциялардың табиғи ошақтарындағы жағдайды талқылап, дерттің алдын алу жолдарын қарастырды.

Қатысушылар сондай-ақ аурудың алғашқы клиникалық белгілерін тану, күдікті жағдай тіркелгенде қандай алгоритм бойынша әрекет ету қажеттігін және зертханалық диагностиканың тиімділігін қалай арттыруға болатыны туралы егжей-тегжейлі білді.

Семинардың теориялық бөлімі тәжірибелік сабаққа ұласты. Мұнда мамандар «сауыт» кигендей жеке қорғаныш құралдарын пайдалануды, биологиялық қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, ошақтарды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізуді іс жүзінде көрсет-

ті. Өсіресе, медицина және ветеринария қызметтерінің өзара байланысы, яғни «адам-жануар-орта» үштігіндегі ақпарат алмасу жеделдігіне баса назар аударылды.

Айта кету керек, мұндай кәсіби шыңдау шараларының негізгі мақсаты — өңірдегі эпидемиологиялық тұрақтылықты сақтау. Мамандардың кәсіби дайындығы жоғары болған сайын, халықтың санитариялық қауіпсіздігі де нығая түспек. Аудан орталығында өткен бұл оқу-жаттығу жиыны кез келген төтенше жағдайда сауатты әрі жедел әрекет етуге толық негіз қалады.

Мамандар іс жүзінде дағдыларын шыңдау барысында күдікті жағдай анықталғанда медицина мен ветеринария мамандарының өзара байланыс алгоритмін, жеке қорғаныш костюмдерін (ПЧК) дұрыс кию және шешу тәртібін, ошақтарда дезинфекция жұмыстарын жүргізудің техникалық талаптарын көрсетіп, арнайы мамандарын тарапынан дұрыстығы бағаланды. Осындай шынайы жағдайға жақындатылған жаттығулар мамандардың экстремалды жағдайда қателеспей, уақытылы әрі дұрыс шешім қабылдауына тікелей септігін тигізеді.

Семинар барысында салааралық өзара іс-қимылды күшейтудің маңыздылығына да мән артылды. Жұқпалы аурулар тек медициналық емес, сонымен қатар ветеринариялық бақылауды да қажет ететіндіктен, екі сала мамандарының үйлесімді жұмысы халықтың сани-

тариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты кепілі болмақ.

Екпе - денсаулықты қорғауға мүмкіндік береді

Оқу-жаттығу барысында Ақтөбе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Индира Аягановаман тілдесуге мүмкіндік туды.

Бүгінгі күні өңірімізде қызылша, көкжөтел бойынша аурушандығының тіркелуі жалғасып жатқанын айтқан ол: “Аталған инфекциялар вакцинамен басқарылатын аурулар қатарына жатады және уақытылы иммундау арқылы олардың алдын алуға болады. Аурушандық көрсеткіштерінің өсуі осы ауруларға қарсы екпе алмаған балалар мен ересектер арасында байқалауда. Байғанин ауданы көлемінде аталған инфекциялардың нақтыланған 1 жағдайы тіркелген, эпидемиологиялық ахуал жалпы тұрақты екенін айта кету керек”, - деді.

Аурудың алдын алу үшін екпенің маңыздылығына тоқталып, 2026 жылғы 19–25 сәуір аралығында еліміз бойынша «Вакциналар әрбір ұрпақ үшін жұмыс істейді» деген атпен өтетін Еуропалық иммундау апталығы (ЕИА) аясында халық арасында вакцинацияның маңыздылығы жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары кеңінен жүргізіліп, жұқпалы



аурулардың алдын алуға және профилактикалық екпелермен қамтылу деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар кешені ұйымдастырылғанын, жұқпалы аурулардың белгілі бір түрлерінің алдын алудың ең тиімді құралы профилактикалық егу жұмыстарын жүргізу болып табылатынын айтты.

- Бүгінгі күнге әлемде табиғи шешекке қарсы егу жұмыстарын жүйелі жүргізудің нәтижесінде шешек індеті толығымен жойылды. Қазіргі уақытта Еуропа аймағында және Орта Азия елдерінде, Қазақстанда полиомиелит сияқты үрей туғызатын сырқаттардың саны төмендеп отыр. Осы жерде біздің өңірімізде 1998 жылдан бастап дифтериямен және 1985 жылдан бері полиомиелитпен ауырған науқастардың тіркелмегенін айтып өткен жөн. Бұл нәтижеге балалар мен ересектерді күлге қарсы жаппай егу нәтижесінде қол жеткізілді. Тарихқа үңілсек, өткен ғасырдың 50-ші жылдарына дейін, әрбір қазақтың отбасында 10-нан аса бала дүниеге келгенмен, осы қызылша, дифтерия және т.б. жұқпалы аурулардың кесірінен кейбір жанұяларда 1-2 сәбидің тірі қалғаны туралы деректер бар. Вакцинаның енгізілуі нәтижесінде осы жұқпалы аурулардың асқынулары салдарынан болатын адам өлімі азайып, эпидемиологиялық ахуал тұрақтанды. 2024 жылдан бастап онкологиялық ауруларды төмендетуге бағытталған адам папилломасына қарсы вакциналар енгізілді. Сала мамандары екпенің қауіпсіздігі мен тиімділігі туралы ғылыми негізделген және нақты ақпараттарды халыққа жүйелі түрде жеткізуде. Екпе алу өз кезегінде жұқпалы аурулардың алдын алуға және адам денсаулығын толық қорғауға мүмкіндік береді. Осы ретте адам папиллома вирусы туралы айтқым келеді. Ол дегеніміз, дененің әртүрлі бөліктерінің терісі мен шырышты қабаттарын зақымдайтын вирустар тобына жатады. АПВ жатыр мойны обыры-

ның қоздырғышы болып табылады. Бұл онкологиялық аурулардың ішінде кең таралған аурулар қатарына жатады. Біздің елімізде жатыр мойны обыры барлық жастағы әйелдер арасында сүт безінің обырынан кейінгі кең таралған обырдың екінші түрі болып табылады. Жыл сайын Қазақстанда жатыр мойны обырының 1900-ге жуық жаңа жағдайлары тіркеледі. 600-ден астам әйел бір жылда осы патологиядан көз жұмады. АПВ-ға қарсы вакцинациялау адам папилломасы вирусымен зақымдану деңгейін және онкологиялық аурулардың, өсіресе жатыр мойны обырының дамуын төмендетеді, - деді Индира Алмағанбетқызы.

Көптеген ата-аналар екпенің қажеттілігіне күмәнмен қарап, оны азғаға артық жүктеме немесе табиғи иммунитетке кері әсер ететін фактор ретінде қабылдайды. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы таралатын теріс әрі расталмаған ақпараттар да екпеден бас тартуға айтарлықтай әсер етуде. Интернеттегі ғылыми дәлелдерге негізделмеген пікірлер мен жалған мәліметтердің кеңінен таралуы халықтың вакцинацияға деген сенімін төмендетіп, кейде үрей мен күмән тудырып жатқанын назарға алған маман, мұндай ақпараттар көбіне екпенің ықтимал кері әсерлерін асыра көрсетіп, оның пайдасын көлеңкеде қалдыратынына тоқталды.

-Тағы бір маңызды себеп — екпеден кейін болуы мүмкін асқынулардан қорқы. Кейбір тұрғындар вакцинациядан кейінгі уақытта реакцияларды ауыр асқынулармен шатастырып, өздерінің немесе балаларының денсаулығына қауіп төнеді деп есептейді. Сондықтан, екпеден бас тарту себептерімен күресу үшін халық арасында түсіндіру жұмыстары кеңінен жүргізген жөн, - деді ол.

Өйгерім КАРИМАН

Шара

ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ МАЗМҰНДЫ ІС-ШАРАЛАРМЕН АТАП ӨТІЛДІ

Ұлттық кітап күніне орай өткен аптада аудандық орталық кітапханасында «Артық білім кітапта...» атты апталық ұйымдастырылып, ауқымды әрі тағылымды іс-шаралар легі өтті.

Оқырманның кітапқа деген қызығушылығын арттыру, рухани құндылықтарды дәріптеу және кітап оқу мәдениетін кеңінен насихаттау мақсатындағы апталық «Кітап – табысқа апарар дара жол» атты әдеби-танымдық кешпен ашылды. Кеш барысында оқырман қазақ әдебиетінің үздік туындыларынан үзінділер оқып, поэзия әлеміне терең бойлады. Жыр шумақтары арқылы ұлттық рух, туған жерге деген сүйіспеншілік, адамгершілік пен білімнің құндылығы кеңінен насихатталды. Өсем әндер кештің көркін кіргізіп, ерекше атмосфера қалыптастырды. Сонымен қатар «100 кітап» жобасы аясында ұйымдастырылған кітап дефилесі көрерменнің зор қызығушылығын тудырды. Қатысушылар әдеби кейіпкерлер бей-

несін сомдап, шығармаларды сахналық түрде таныстырды. Кеш соңында кітап көрмесі ұсынылып, оқырмандарға жаңа туындылар таныстырылды.

Ал ертеңіне өткен «Сөз өнеріндегі өлкетану» атты танымдық кездесуде жергілікті өлкетанушылар мен жас ақындар бас қосты. Кездесу барысында туған өлкенің тарихы, мәдени мұрасы және оның әдебиеттегі көрінісі туралы кеңінен сөз қозғалды. Жас ақындар өз шығармаларын оқып, туған жерге деген ыстық ықыласын білдірсе, өлкетанушылар тың деректермен бөлісіп, қатысушылардың таным көкжиегін кеңейтті. Еркін форматта өткен басқосу ашық пікір алмасу алаңына айналды.

Одан кейін, апталықтың үшінші күні «Бір ел – бір кітап» республикалық ак-

циясы аясында көрнекті жазушы Қабдеш Жұмаділовтің шығармашылығына арналған оқырмандар конференциясы өтті. «Қабдеш Жұмаділов шығармашылығындағы ұлттық рух» тақырыбындағы жиында қаламгердің өмір жолы мен әдеби мұрасы жан-жақты талқыланды. Бағдарламаларда жазушының тілдік шеберлігі, тарихи тақырыптарды игерудегі ерекшелігі мен қазақ әдебиетіндегі орны кеңінен қамтылды. Бұл шара қатысушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, рухани дүниесін байыта түсті.

Сол күні жастар арасында «Кітапхана түні» акциясы аясында «BOOK QUIZ» интеллектуалды ойыны да ұйымдастырылды. Қатысушылар әдебиет, тарих және мәдениет бойынша білімдерін



сынап, тартысты бәсеке көрсетті. Нәтижесінде «ЖРО» тобы жеңімпаз атанып, барлық қатысушылар Алғыс хаттармен марапатталды.

Апталық барысында «Кітап. Тарих. Шежіре» атты сирек кітаптар көрмесі көпшілік назарына ұсынылды. Кермеде әр кезеңде жарық көрген құнды басылымдар мен тарихи еңбектер қойылып, олардың мазмұны мен маңызы кеңінен түсіндірілді. Бұл шара оқырмандардың ұлттық мұраға деген құрметін арттыруға ықпал етті.

Апталықтың шарықтау шегі соңғы күні өткен «QAZAQ QUIZ: Әдебиетке саяхат» атты оқушылар арасындағы интеллектуалды сайыс болды. Аудан мектептерінің 8-сынып оқушылары қатысқан білім до-

дасында жасөспірімдер өздерінің білімдері мен тапқырлықтарын танытып, үздіктер анықталды. Жеңімпаздар арнайы марапаттарға ие болды.

Сол күні апталықтың қорытындысы ретінде «KITAPFEST: Ұлттың рухани қазынасы – кітап және кітапханашы» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Шара барысында түрлі тақырыптық алаңдар жұмыс істеп, ақын мұрасына арналған көрмелер, өлке тарихы, қазақ классиктері, балалар әдебиеті, шығармашылық бұрыштар мен кітап алмасу алаңы ұсынылды. Кеш концерттік бағдарламамен және кітап дефилесімен жалғасып, кітапхана жанашырлары марапатталды.

Өйгерім ӨНУАРБЕК



Сарбаз анасы

Жүректің бір бөпшесі - сап тұзеген сарбазға

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Бижамал Құрманғазина:

Әскердегі сарбаздың амандығы - елдің амандығы

- Бұрын «Бейбітшілік» деген сөзді тек кітаптар мен мерекелік құттықтаулардан ғана естіп, оның қадірін күнделікті тірліктің бірі ретінде қабылдайтын едік. Бірақ балам әскерге аттанып, қолына қару алып, Отан алдындағы антын берген сәттен бастап бұл сөз мен үшін мүлдем басқа мағынаға ие болды. Бүгінде бейбіт күн мен үшін — баламның амандығы, елдің тыныштығы және таңның атысы мен күннің батысының қауіпсіз болуы. Ана ретінде менің түсінгенім: біздің бейкам ұйқымыз бен балаларымыздың күлкісі — шекарада кірпік ілмей тұрған жас ұландардың арқасы. Бейбітшілік дегеніміз — тек соғыстың жоқтығы емес, ол әрбір ананың өз перзентін



аман-есен күтіп алуға деген сенімі екен. Бұрын көшеден әскери киімдегі жігіттерді көрсем, жай ғана «міндетін өтеп жүрген жастар» деп қарайтынмын. Қазір шекарада, бекетте немесе сапта тұрған әрбір сарбазды көргенде, оның артында телміріп жол қараған анасы, уайымдап отырған әкесі бар екенін сезінемін. Ұлым Нұржігітті әскерге аттандырып, жерге шығарып салғанда көңілімде екіұдай сезім арпалысты. Бір жағынан — мақтаныш. Ұлымның ержетіп, ел қорғауға кетіп бара жатқанына қуандым. Бірақ екінші жағынан — аналық алаңдаушылық пен қиғастық өзегімді өртеді. «Балам ол жақта қалай болар екен, қалай бейімделер екен?» деген ой маза бермеді. Қазір ұлымның бөлмесіне кіргенде, бос тұрған кереуеті мен қабырғадағы суреттеріне қарап, сағынышымды басып, қиялдап отырамын. Баламды аттандырырда «Балам, өз-өзіңе мықты бол, адал бол! Ешқашан өтірік айтпа, шыдамды бол. Командирлеріңнің айтқанын тындап, тәртіпті бол», деп басты ақылымды айттым. Меніңше, «жігіт болды» деген сөз — өз ісіне жауап беру, әскери тәртіпті сақтау және таңдаған жолына адал болу дегенді білдіреді. Әскер баланы жауапкершілікке тәрбиелейді, мінезін шыңдайды. Сондықтан баламның әскерге баруына еш қарсы болған жоқпыз, бұл — нағыз ер-азаматтың жолы. Перзентімнен алғаш хабар келгенде қатты қобалжыдым, тіпті қолым дірілдеп, алаңдағаным сонша — телефоным қалай алғанымды білмей қалдым. Бірақ оның «Ана, бәрі жақсы» деген дауысын естігенде ғана көңілім орнына түсті. Қазір үйде ешкім көп сөйлемейді, үйдің іші тым тыныш болып қалды. Оның орны бөлек екен, күлкісі мен әзілдері жетпей, үйдегі атмосфера мүлдем өзгеріп кетті. Әскер — тағдырлар тоғысқан жер ғой. Ұлыммен сөйлескен сайын оның әңгімесінен жаңа есімдерді естимін. Түрлі аймақтан келген бұл орта ұлыма ең бірінші тәзімділік пен бейімделуді, бірлік пен жауапкершілікті үйретіп, дүниетанымын кеңейтті. Ұлым қазір Қазақстанның әр қиырын тек картадан емес, достарының әңгімесі арқылы таниды. Бұл оның еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін бұрынғыдан да арттыра түскені анық. Ол маған: «Мама, мұндағы достарым менің екінші

бауырым сияқты болып кетті», — дейді. Бұл сөз — ана жүрегі үшін үлкен жұбаныш. Өйткені, қасыңда сенімді досың болса, кез келген қиындықты еңсеру оңай екенін ол түсінді. Сондықтан, әскердегі бұл достық уақыт сынынан өтіп, болашақта да жалғаса беретініне сенімім мол. Мен баламды кішкентайынан «Еліңді сүй, жеріңді қорға» деп өсірдім. Бала тәрбиесіндегі ең басты нәрсе — оның бойына сенімділік ұялату. Ол еңбекқорлыққа, тәзімділікке және тәртіпке өзін-өзі тәрбиелеуі керек. Мен үшін нағыз ер-азамат — жауапкершілігі бар, әділ, қамқор, мейірімді және мықты адам. Ол тек сөзімен емес, ісімен де өзін дәлелдей алуы қажет. Ұлымның ел қорғауға кеткені — біздің отбасымыз үшін үлкен мақтаныш, сонымен бірге зор жауапкершілік. Қазіргі әскерге бала жібергелі отырған аналарға айтарым: балаңызға сеніңіздер. Оларды еркін жіберу керек, бірақ бойына жауапкершілік деген егіп өсіру қажет. Балам аман-есен оралғанда, ең алдымен: «Құдайға шүкір, аман келдің! Сағындым сені, балам. Сені көргенде жүрегім тынышталды, жаным балам!» — деп бауырыма басқым келеді.

Ұлымның амандығы мен елдің тыныштығы — мен үшін ең үлкен бақыт. Ана жүрегі әрқашан баласымен бірге соғады. Бүгінде әр сарбаз — менің баламдай. Олардың үстіндегі формасы, иығындағы погоны — бұл тек киім емес, бүкіл елдің тағдыры жүктелген үлкен жауапкершілік екенін түсіндім.

Олардың суыққа тонып, ыстыққа күйіп, қатал тәртіпке бағынып жүргені — біздің ертеңіміз үшін жасалып жатқан құрбандық. Сондықтан бүгін мен шекарада тұрған әрбір жас сарбазға шексіз құрметпен және аналық махаббатпен қараймын. Балам әскерге кеткелі бері менің дұғам тек өз ұлым үшін емес, еліміздің шетінде сақшы болып тұрған барлық азаматтар үшін айтылатын болды. Олардың амандығы — елдің амандығы.

Рысты Елжанова:

Ақ тілегім ешқашан үзілген емес

- Балам әскерге аттанғанда тек бір жігіт сапқа қосылған жоқ, менің жүрегімде жаңа бір сынаққа қадам басты. Қашықтық — ананың мейіріміне кедергі емес. Расында, бала жанында болмаса да, ананың ықыласы мен ақ тілегі ешқашан үзілмейді. Күн сайын “амансың ба?” деп сұраудың өзі — үлкен қолдау деп ойлаймын. Кейде бір ауыз жылы сөз баланың көңілін көтеріп, оған күш береді. Мен үшін ең бастысы — дұғамен қорғау. Баламды Аллаға аманаттап, әр қадамына тілекші болу — аналық парызым. Менің ойымша, қазіргі жастардың әскерге көзқарасы да біржақты емес. Дегенмен ел алдындағы жауапкершілікті сезінетін жастардың қатары аз емес. Әскер — тек міндет емес, ол өмір мектебі. Онда тәртіп, тәзімділік, жауапкершілік қалыптасады. Әскерден өткен жігіттің көзқарасы өзгереді, ол ер азамат ретінде шыңдалады. Сондықтан Отанды қорғау — әр азаматтың қасиетті борышы екенін жастар жүре-



гімен түсінсе екен деймін. Балам Ерасыл әскерде жүрген кезең маған сабыр мен сенімнің қадірін үйретті. Бұрын бала қасымда болған соң көп нәрсені байқамайды екенсің. Ал алыста жүргенде әр хабарды күтіп, әр сөзіне мән бересің. Ана болу — тек жанында жүру емес, кейде алыстан үнсіз тілекші бола білу екенін түсіндім. Уайым бар, әрине. Бірақ сол уайымның ішінде де үміт бар. Баламның амандығын тілеп, оның мықты болып оралатынына сенемін. Бұл сенім — маған күш береді. Менің жүрегімнің мықтылығы — менің махаббатымда. Ана үшін ең үлкен қуаныш — баласының амандығы мен елге абыроймен оралуы.

Сабилаш Қаракүшікова:

Бүгінгі сарбаз — ертеңгі ел қорғаны

- Ұлын ұядан, қызын қиядан ұшырып, перзентінің азамат болғанын көру — әрбір ата-ананың асыл арманы ғой. Алайда баласын әскер қатарына аттандыру — ана жүрегі үшін үлкен сын әрі ерекше белес екенін сезініп жатырмыз. Бұл кезең бізге ең алдымен сабыр мен тәзімділіктің шынайы маңызын ұғындырды. Әрине, бауыр етің баламды, Нұрым-жанымды алысқа жіберіп, оны сарыла күту оңай емес, бірақ дәл осы сәттер әр күннің қадірін түсініп, Отан алдындағы борыштың қаншалықты қасиетті екенін тереңірек сезінуге мүмкіндік берді. Негізінде, отбасымызда әскерге бару тақырыбы бұрыннан айтылып, балаларымыздың санасына азаматтық парыз ретінде сіңірілген болатын. Сондықтан бұл шешім біз үшін күтпеген жағдай емес, керісінше, ер жігіттің жауапкершілігі ретінде байыппен қабылданды. Әскер — тек әскери міндет қана емес, ол — нағыз өмір мектебі. Мұнда жас жігіт тәртіпке үйреніп, тәзімділік пен шыдамдылықты меңгеріп, елін қорғаудың қасиетті мәнін жүрегімен сезінеді. Әлбетте, ана жүрегі болған соң баланың амандығы мен жағдайына алаңдаушылық пен қорқыныштың болуы заңды. Десе де, біз бұл үрейді нық сеніммен, ізгі тілекпен және перзентіміздің Отанға адал, тәртіпті әрі рухы мықты жауынгер болып оралатынына деген үмітпен жеңіп келеміз. Әр хабарын асыға күтіп, әр қоңырауын қуанышпен қарсы алу — аналық жүректің ең шынайы сезімі. Бүгінгі таңда әскердегі сарбаздар үшін мемлекет тарапынан жасалатын қамқорлықтың маңызы зор. Өсіресе, олардың денсаулығына, сапалы тамақтануына және қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлініп, әділ қарым-қатынас пен моральдық-психологиялық қолдаудың жоғары деңгейде болғанын қалаймыз. Егер сарбаздарға заманауи әскери дайындықпен қатар, білім алуға, кәсіби



дағдыларды меңгеруге де жағдай жасалса, олар өз борыштарын зор сеніммен әрі мақтанышпен атқаратыны сөзсіз. Сондай-ақ, қоғам болып сарбаздарға құрметпен қарап, олардың еңбегін бағалау — баршамыздың ортақ міндетіміз. Әскердегі әрбір жас — елдің ертеңі, тәуелсіздіктің тірегі. Бүгінгі сарбаз — ертеңгі ел қорғаны. Сондықтан олардың рухын көтеріп, сенім білдіру — ата-ана ғана емес, бүкіл қоғамның парызы.

Бұл — тек бір отбасының емес, тұтас елдің болашағы мен қауіпсіздігінің кепілі деп білемін.

Гүлнұр Құланова:

Баламызды асыға күтіп жүрміз

-Бүгінде ұлым Айбек Отан алдындағы борышын өтеуде, көлуіне екі ай қалды. Кішкентай кезінен армандап, өзі қалап кеткен әскерден баламыздың аман-есен оралуын асыға күтіп жүрміз. Алғашында әскерге кететінін естігенде ана ретінде қатты уайымдадым. Ол тек менің ғана емес, кез келген ата-ананың басындағы жағдай деп ойлаймын. Десе де, баланың өз Отан алдындағы міндетін біліп, түсініп тұрса, неге тосқауыл боламын?! Қайта риза болып, ақ жол тілеп шығарып салдым. Бұл шешімі — ұлымның ержеткенінің белгісі деп білемін. Баламызды шығарып салғанда, бауырларының көзінен қиғастық көрдім. Ал әкесінің баласымен мақтанатынын байқадым. Әрбір әке үшін баласының бұндай қадамы әрине, үлкен мақтаныш болуы заңдылық! Патриот болу баланың жалғыз тәрбиесіне емес, болмысына да қарайды. Әкесінің тәрбиесі мен тәртібі бірінші кезекте патриот сезімін туындатты деп ойлаймын. Кішкентайымнан балам зерек, өте байсалды болды. Түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орын алып оралатын, сол кезден-ақ баламның жүрегінде отанға деген ұлы сүйіспеншілік жатқанын сездім. Сол себептен бізді уайымдатпай, өзіне жүк-

телген міндетті абыроймен орындап, үйге оралады деп сенемін. Әскерге барғаннан кейін алғашқы фотосын жібергенде, баламды танымай қалғандай болдым. Есейген, салмақты, үлкен жігітті көрдім суреттен. Бүгінде баласын әскерге жібергісі келмейтін ата-аналарды ана ретінде түсінемін. Алайда баланың Отанға деген махаббатын басып тастауға болмайды. Балаңыз барғысы келсе бөгет жасамай жіберіңіздер деп айтамын. Менің ойымша әскер - ер балаларды нағыз азамат қылатын жер деп ойлаймын. Өзіндік өзгеріс әрине болады, бала шыңдала-



ды, ер жетеді, түрлі сынақтардан өтіп өзін көрсетеді. Мінезі мен болмысы шыңдала түседі.

Ләззат Жарасбаева:

Ер-азамат жауапкершілік жүгін сезінуі қажет

Ұлымды әскерге шығарып салған күн — жүрегіме мәңгілікке жазылып қалған ерекше сәт. Бір жағынан, «ел қорғайтын азамат болды» деген мақтаныш кеудемді кернесе, екінші жағынан ана жүрегі қиғастықтан өзіліп тұрды. Көзіме жас келді, бірақ оны білдірмеуге тырыстым. Іштей дұға жасап, амандығын тіледім. Сол күн мен үшін өмірімдегі ең толқулы, ең әсерлі күндердің бірі болып қалды. Баламның Отан алдындағы борышын өтеуге аттануы — біз үшін үлкен мәртебе әрі ана ретінде берген тәрбиенің бір жемісі. Ұлым Нұрбайға әскерге аттанарда: «Балам, қай жерде жүрсең де адамгершілігіңді жоғалтпа, үлкенді сыйла, кішіге қамқор бол, тәртіпті сақта. Еліңнің намысын биік ұста, әр ісіңе жауапкершілікпен қара», - деп ақы бердім. Қанша жылы, қолдауға толы сөз айтып шығарып салсақ та, баламыз да кетер кезде қобалжыған болар іштей. Себебі



өзінің алдындағы міндеттің салмағын түсінетініне сенемін. Жалпы әскерге барарда азаматтың адында «барамын, немесе бармаймын» деген ой туындамауы керек тәрізді. Міндет пе, бару керек! Себебі ер-азамат жауапкершілік жүгін сезінуі қажет. Біз де балаларымызға осы жауапкершілікті сезінуді үйретуге тырыстық. Отбасындағы тәрбие — ең бастысы. Үлкенге құрмет, кішіге ізет, адалдық, еңбекқорлық — осы құндылықтарды баламыздың бойына сіңірдік деп ойлаймын. Әкесі де, ағалары да оған әрдайым үлгі болды. Ал бүгінде баласы әскерде жүрген ата-аналарға «Балаларыңызбен мақтаныңыздар, жатқсылыққа үміт артыңыздар, ертеңге сеніммен қараңыздар» дегім келеді. Мен де осы отырғанда шүкіршілік айтып отырғанмен, әрине, әлі де балам үшін уайымдап отырмын. Тек аман-есен оралса деген тілегім бар.

Әйгерім ЖАРТИНА

БАЛАҢЫЗ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТСІН ДЕСЕҢІЗ...

Әр ата-ана баласының табысты болғанын қалайды. Бірақ психология ғылымы жетістік тек біліммен емес, баланың ішкі күйімен, эмоциялық дамуы мен өзін қабылдауымен тығыз байланысты екенін айтады. Бала алдымен өзін түсініп, өзіне сенуді үйренсе ғана шынайы жетістікке жете алады.

Баланың тұлға болып қалыптасуында ең маңызды нәрсе — қауіпсіз орта. Егер бала өзін үйде еркін, жақсы көрілетінін сезінсе, оның миы да, психикасы да дұрыс дамиды. Мұндай балалар батыл, белсенді және жаңа нәрселерден қорықпайды. Ал үнемі ұрыс-керіс, қысым бар ортада өскен бала керісінше тұйық, сенімсіз болып қалыптасуы мүмкін. Тағы бір маңызды фактор — өзін бағалау. Егер бала кішкентайынан «сен ақылдысың», «қолыңнан келеді» деген сөздерді естіп өссе, оның ішкі сенімі күшейеді. Нақты әрекеті үшін, еңбегі үшін мақтау — ең тиімді тәсіл. Бұл баланы жалған емес, шынайы жетістікке жетелейді.

Психологияда «ішкі мотивация» деген ұғым бар. Бала ата-анасы үшін емес, өз қызығушылығы үшін жасауы керек. Егер бала тек «мақтау алу» немесе «жазаланбау» үшін әрекет етсе, ол ұзақ мерзімді жетістікке жете алмайды. Сондықтан баланың қызығушылығын қол-



Баланың жетістігі — тек баға мен жетістік емес, ол — оның ішкі әлемінің сақталуы. Өзіне сенімді, эмоциясын басқара алатын, қызығушылығы бар бала міндетті түрде өз жолын табады.

Ақбота ЕГІЗБАЙ,
Байғанин орта мектебінің педагог-психологі

дап, өз бетімен таңдау жасауына мүмкіндік беру өте маңызды.

Эмоциялық интеллект те үлкен рөл атқарады. Бала өз сезімдерін түсініп, оны дұрыс жеткізе алса, өмірде қиындықтарды жеңіл еңсереді.




қолымнан келеді» деген ішкі сенім адамға күш береді.

Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі де психологиялық тұрақтылыққа әсер етеді. Ұйқының жақсы болуы — есте сақтау қабілетін арттырады. Түнде кеш жатып, таңертең шаршаңқы тұру дайындықтың сапасын төмендетеді. Сонымен қатар, дұрыс тамақтану мен таза ауада серуендеу де мидың жұмысын жақсартады. Ұзақ уақыт үздіксіз дайындалу керісінше шаршауға алып келеді, сондықтан әр 1-2 сағат сайын қысқа үзіліс жасап отырған жөн. Кейде ата-аналар баласына жоғары нәтиже талап етіп жатады. Бұл баланың уайымын күшейтеді.

ҰБТ АЛДЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ

Ұлттық бірыңғай тестілеу – әрбір түлектің өміріндегі жауапты әрі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл сынақ тек білім деңгейін ғана емес, сонымен қатар оқушының ішкі дайындығын, яғни психологиялық тұрақтылығын да талап етеді. ҰБТ жақындаған сайын оқушыларда түрлі сезімдер пайда болады: алаңдаушылық, қорқыныш, өз-өзіне сенімсіздік. “Мен үлгерем бе?” “Қателесіп қалсам қайтем?” “Баллым жетпей қалса ше?” Бұл – қалыпты жағдай. Әрбір адам маңызды сәт алдында толқиды. Бірақ сол сезімдерді дұрыс басқара білу керек. Ең алдымен, оқушы өзіне сенуі қажет. «Мен дайынмын», «Менің



Оның орнына «Біз саған сенеміз», «Қолыңнан келеді» деген жылы сөздер баланың өзіне деген сенімін арттырады. Қорытындылай келе, ҰБТ-ға дайындық тек біліммен шектелмейді. Өзіне сенімді, сабырлы, мақсатқа ұмтылған оқушы кез келген сынақтан сүрінбей өтеді. Ең бастысы — өзіңе сену, уақытты дұрыс пайдалану және жақындардың қолдауын сезіну. Сонда ғана ҰБТ үлкен қорқыныш емес, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын баспалдаққа айналады.

Ұлболсын ӘБУБӘКІРОВА,
№3 Қарауылкелді орта мектебінің психологы

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС - ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТЫҢ НӘТИЖЕСІ

Бүгінде сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып отыр. Қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз ету және азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыру – осы бағыттағы негізгі мақсаттардың бірі. Осыған орай, Байғанин ауданында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында кешенді жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі.

Аудан көлемінде ақпараттық-насихат жұмыстары кеңінен ұйымдастырылып, тұрғындардың назарын аудару мақсатында 15 тақырыптық баннер орнатылып, аудандық «Жем-Сағыз» газетінде 7 мақала жарияланды. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер арқылы түсіндіру жұмыстары қарқынды жүргізіліп, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда жас ұрпақ тәрбиесіне басымдық берілуде. Бүгінде ауданның 22 білім беру ұйымында «Адалдық дүкені», «Адалдық бұрышы» және «Парасат» бұрыштары жұмыс істейді. Бұл бастамалар оқушылардың бойында адалдық, әділдік және жауапкершілік сияқты маңызды қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында құқықтық тәрбиеге ерекше мән беріліп, оқушылардың заң талаптарын құрметтеу дағдылары қалыптастырылуда.

Осы бағытта мектептерде құрылған «Адал Ұрпақ» еріктілер клубтарының жұмысы да өз нәтижесін беруде. Клуб мүшелері түрлі әлеуметтік және танымдық іс-шараларды ұйымдастырып, қа-

тарластары арасында адалдық қағидаттарын насихаттауда. Бұл бастама жастардың азаматтық белсенділігін арттырып, олардың қоғам өміріне деген жауапкершілігін күшейтеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыру аясында аудан мектептері мен кітапханаларында тұрақты түрде кездесулер, дөңгелек үстелдер, пікірталастар, эссе байқаулары және бейнероликтер көрсету секілді іс-шаралар ұйымдастырылады. Мұндай шаралар тұрғындардың құқықтық мәдениетін арттырып қана қоймай, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Өткен жылы аудан бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында 5000-ға жуық ақпараттық брошюралар мен жаднамалар әзірленіп, халық көп шоғырланатын орындарда таратылды. Сонымен қатар, «baiganip_akragat» әлеуметтік желі парақшасында бейнематериалдар мен инфографикалар тұрақты түрде жарияланып, тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бұл өз кезегінде халықтың ақпаратқа

қолжетімділігін арттырып, ашықтық қағидатын нығайта түсті.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында аудандық деңгейде құрылған арнайы комиссияның жұмысы да жүйелі жолға қойылған. Комиссия отырыстарында жергілікті атқарушы органдардың атқарған жұмыстары сараланып, мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығы, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік тәртібі және заң талаптарын сақтау мәселелері қаралады. Нәтижесінде тиісті тапсырмалар беріліп, олардың орындалуы тұрақты бақылауда.

Сонымен қатар, аудан әкімдігіне қарасты бөлімдерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізілді. Талдау барысында құқық бұзушылықтарға ықпал етуі мүмкін себептер мен жағдайлар зерделеніп, нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Бұл – атқарылып жатқан жұмыстардың тиімділігін айқындайтын маңызды көрсеткіштердің бірі.


Аудан бойынша мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің тіркелмеуі – жүргізілген алдын алу шараларының нақты нәтижесі. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын тауып, мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен халық алдындағы есептілігі одан әрі арттырыла бермек.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Өрбір азамат заң талаптарын сақтап, адалдық пен әділдікті басты құндылық ретінде ұстанғанда ғана біз жемқорлықсыз қоғам құра аламыз.

Айбек Купенов
Байғанин ауданының әкімі

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫН БІРДЕЙЛЕНДІРУ

«Байғанин аудандық ветеринариялық стансасы» МКК-ны Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығымен «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» Қағидасына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізеді. Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру-ветеринария саласындағы атқарылатын міндетті және жауапты жұмыстардың бір бөлігі болып саналады.



Ауылшаруашылығы жануарларының төлдері

-бұзаулар,қозы-лақтар,боталар -туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін, -құлындар- төрт айлық жасынан бастап он төрт жұмыс күннен кешіктірілмей бірдейлендіріледі және мәліметтері АШЖБ дерекқорына, яғни ИСЖ порталына енгізіледі. Ересек малдар бұрын бірдейлендіруден өтпеген, шығу тарихы болмаған жағдайда, АШЖБ дерекқорына енгізілмейді.

Бірдейлендіру жұмыстары ауылшаруашылығы жануарларының иесінің өтініштері негізінде жүргізіледі.

Жылқы малдарының төлдері таңба-лау /ыстық әдіс,суық әдіс және чиптеу/ арқылы бірдейлендіруден өтеді, ол үшін мал иесінің өтінішімен, жергілікті жердегі ветеринариялық пункттегі АШЖБ дерекқорынан процессинг орталығы арқылы таңба нөмерлері алынады. ІМҚ, қой-ешкі, түйе малдарының төлдеріне арналған құлақ жапсырмалары да АШЖБ дерекқорындағы процессинг орталығы арқылы алынған, тіркелген болуы керек, себебі кейбір мал ие-

лері салынған құлақ жапсырмаларын киып алып, жарақсыз етіп, басқа сауда орталықтарынан жаңадан сатып алып жатады, бұндай жолмен алынған құлақ жапсырмалары АШЖБ дерекқорына енгізілмейді. Сондықтан да мал иелері жеке иеліктеріндегі жануарларын бірдейлендіру барысында, міндетті түрде жергілікті жердегі ветеринариялық пункт мал дәрігерлерімен хабарласуы қажет және сойылған, сатылған және тағы да басқа жағдайларға пайдаланған малдарын өтініш беру арқылы, АШЖБ дерекқорынан шығыстап отыруы керек. Бірдейлендіруден өтпеген, АШЖБ дерекқорына енгізілмеген ауылшаруашылығы жануарларына тасымалдауға, сатуға, союға және т.б.жағдайларға ветеринариялық құжаттар, ветеринариялық анықтамалар берілмейді.

Қазіргі кезде ауылшаруашылығы жануарларының жайылыста жүрген бағыт бағдарларын біліп отыру үшін GPS –трекерлерді салу тиімді.

«Байғанин аудандық ветеринариялық стансасы» МКК

АЛАЯҚТАРДЫҢ АЙЛАСЫ: ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАНИПУЛЯЦИЯНЫҢ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОДАН ҚОРҒАНУ ЖОЛДАРЫ

Алаяқтардың әрекеті кездейсоқ емес, ол нақты бір жүйеге және адам психологиясының заңдылықтарына құрылған. Қылмыскерлердің құрығына түспеу үшін олардың жұмыс істеу алгоритмін түсініп, оған қарсы өз қорғанысыңызды қалыптастыру маңызды.



1-кезең: «Қармаққа түсіру» (Эмоцияға шабуыл)
Кез келген алаяқтық адамның сезімімен ойнаудан басталады. Қылмыскерлердің алғашқы мақсаты – сізді тепе-теңдіктен шығарып, эмоцияға берілуге мәжбүрлеу.

Үрей тудыру: «Шотыңыз бұғатталды», «Атыңызға несие алынып жатыр» немесе «Жақыныңыз жол апатына түсті» деген жалған ақпарат беріледі.

Қуанышқа кенелту: «Сіз лотерея ұттыңыз», «Көп мөлшерде мұра қалды» немесе «Аз уақытта табысыңызды еселейтін жоба бар» деп оңай олжаға қызықтырады.

2-кезең: «Сенімге кіру және уақыт бермеу» (Манипуляция)
Жәбірленуші эмоцияға берілген сәтте қылмыскерлер психологиялық қысымды арттыра түседі. Олар жағдайды толық бақылауда ұстау үшін келесі айдаларды қолданады:

Ресми тұлғаның рөліне ену: Әздерін полиция, ҰҚК, прокуратура немесе банк қауіпсіздік қызметінің өкілі ретінде таныстырып, заң терминдерімен сөйлейді.

Асықтыру: Адамға ойлануға, біреумен ақылдасуға немесе ақпаратты тексеруге мұрала бермейді. «Қазір шешім қабылдамасаныз, бөрінен айырыласыз» деп қорқытып, үздіксіз байланыста ұстап тұруға тырысады.

3-кезең: «Технологиялық көзбояушылық» (Қылмысты іске асыру)

Адам толық бағынған кезде немесе сенімге кіргенде технологиялық құралдар іске қосылады:

Нөмірді ауыстыру: Арнайы бағдарламалар (SIP-телефония) арқылы шынайы банктердің немесе 1414 сияқты мемлекеттік қызметтердің нөмірлерін қолдан жасайды.

Жасанды интеллект (Deepfake): Туыстарыңыздың немесе таныстарыңыздың дауысы мен бейнесін айнытпай көшіріп, WhatsApp немесе Telegram арқылы жалған бейнеқоңырау не аудио хабарлама жібереді. Осылайша, жәбірленуші өз қолымен құпия сөздерді айтады немесе белгісіз шотқа ақша аударады.

Қорғану алгоритмі: «Тоқта. Тексер. Бұғатта»

Алаяқтардың жүйесін бұзу үшін өзіңіздің нақты қарсы әрекет ету жүйеңіз болуы шарт:

Тоқта: Қорқынышты немесе қуанышты хабар естігенде бірден шешім қабылдамаңыз. Ешкімге ешқандай код айтпай, телефон тұтқасын дереу қоя салыңыз.

Тексер: Ақпаратты тек ресми көздерден анықтаңыз. Картаның артындағы банктің ресми нөміріне өзіңіз қоңырау шалыңыз немесе «көмек сұраған» жақыныңызбен тікелей байланысқа шығыңыз.

Бұғатта: Күдікті нөмірлерді бұғаттап, белгісіз хабарламалардағы (SMS, мессенджер) сілтемелерге ешқашан өтпеңіз.

Алаяқтар қандай заманауи тәсілдерді қолдана да, олардың жүйесін бір ғана нәрсе – сіздің салқынқандылығыңыз бен әр нәрсеге сыни тұрғыдан қарауыңыз буза алады. Ақпаратты тексеру әдеті сіздің қаражатыңыз бен жүйеңізді сақтайтын басты құрал болып қала береді.

Байғанин аудандық ішкі саясат бөлімі


ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. * Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

АЛДАУ БҰЛТЫ: ӘМИЯНДЫ БОСАТАТЫН ҚОЙМА

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қоғамдық қауіпсіздік пен қылмыстық қауіп-қатерлерді болжау орталығы бұлттық сервистерді пайдаланушыларға бағытталған интернет-алаяқтықтың жаңа схемасы туралы ескертеді.



Шетелдік дереккөздердің мәліметтері бойынша (<https://www.theguardian.com/money/2026/apr/12/apple-icloud-storage-scram-emails>, <https://lenta.ru/news/2026/04/13/apple-scram/>, <https://www.obozrevatel.com/ekonomikaglavnaya/economy/moshenniki-atakuyut-vladeltsev-iphone-kak-dejstvet-novaya-shema.htm>) алаяқтар iPhone пайдаланушыларына iCloud бұлттық қойманың толып кеткені туралы жалған электрондық хаттар, SMS-хабарламалар және хабарландыруларды жаппай таратуда.

Хабарламаларда аккаунттың бұғатталатыны және фотосуреттер, бейнелер мен құжаттардың жойылуы мүмкін екені көрсетіледі.

Бұл хабарламалар бұлттық платформаларды қоса алғанда танымал сервистердің, ресми ескертулерін толықтай қайталайды, бұл олардың шынайы екеніне сенім тудырып, пайдаланушыны әрекет жасауға итермелейді.

Шұғылдық әсерін күшейту үшін пайдаланушыларға сілтеме арқылы өтіп, сақтау көлемін ұлғайту, төлем деректерін жаңарту немесе қолжетімділікті қалпына келтіру ұсынылады.

Сілтемені басқан кезде ықтимал құрбандар түпнұсқа сервистерді көшіретін фишингтік сайтқа түседі, онда енгізілген

логиндер, құпиясөздер және банк деректері киберқылмыскерлердің қолына түседі.

Осындай жолмен түрлі бұлтты сақтау сервистері (Google Drive, Mail.ru бұлтты, Яндекс Диск және т.б.) туралы хабарламалар жіберілуі мүмкін.

Қауіп-қатердің осы түрі тарала бастағанын ескере отырып, ескере отырып, мыналар ұсынылады:

- SMS, электрондық пошта және мессенджерлердегі «шұғыл» хабарламалардағы сілтемелерге өтпеу;
- бұлттық қойманың жағдайын тек ресми қосымшалар немесе сайттар арқылы тексеру;
- бөгде парақшаларда логиндер, құпиясөздер және банк деректерін енгізбеу;
- барлық бұлттық және пошталық аккаунттарда екі факторлы аутентификацияны қосу;
- әртүрлі сервистер үшін бірегей және күрделі парольдерді пайдалану;
- бұзып кіру күдігі болған жағдайда дереу құпия сөзді ауыстырып, барлық белсенді сессияларды аяқтау қажет.

Сақ болыңыз: деректердің жойылуы немесе аккаунттың бұғатталуы туралы кез келген хабарламаны тек ресми сервистер арқылы тексеріңіз.

Құжатсыз қаруды тапсырып, қаражатты болайық!

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 266 бұйрығымен бекітілген «Заңсыз сақталған атыс қаруын, оқ-дәріні және жарылғыш заттарды азаматтардың ерікті түрде өтемді тапсыру қағидаларына» сәйкес қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, атыс қаруы мен жарылғыш заттарды қолдана отырып жасалатын қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында 2026 жылғы 20 сәуірден бастап Республика аумағында халықта заңсыз сақталудағы атыс қаруын, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды сатып алу бойынша акция өткізіледі.

Тұрғындарда ішкі істер органдарына тіркеусіз заңсыз сақталудағы, құжатсыз атыс қаруын, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды тапсырған азаматтарға Қазақстан Республикасының тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштер мөлшерінде сыйақы төленеді. Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде комиссиялар қару-жарақ заттарының техникалық жай-күйін ескереді.

Сонымен қатар атыс қаруын, оқ-дәріні, жарылғыш заттарды өз еріктерімен тапсырған азаматтар әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылмайтыны жөнінде ескертеміз.

Байланыс телефондары: 102; 871345-22174;

Байғанин ауданы полиция бөлімі ҚҚБ ҚАБЖТҚПТ инспекторы полиция аға лейтенанты Жауғашты Зейнеп Жанболатқызы

Байғанин аудандық аурухана ұжымы мен «Қатқор» кәсіподақ ұйымы Перзентхана акушері Аденова Жайнаға ағасы
Аденов Айсаның
қайтыс болуына байланысты отбасына, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Байғанин аудандық аурухана ұжымы мен «Қатқор» кәсіподақ ұйымы Емхана жұмысшысы Бекниязов Жазылбектің
Әкесінің
қайтыс болуына байланысты отбасына, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Байғанин аудандық аурухана ұжымы мен «Қатқор» кәсіподақ ұйымы Емхананың медбикесі Жонысова Шолпанның
Анасының
қайтыс болуына байланысты отбасына, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Байғанин аудандық аурухана ұжымы мен «Қатқор» кәсіподақ ұйымы Дияр МП медбикесі Шукурова Замзагулдің апасы
Шукурова Айнагулдің
қайтыс болуына байланысты отбасына, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы:
030300, Байғанин ауданы Қарауылкелді селосы, Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1404
Тапсырыс №499
Көлемі 1 баспа табақ.